

Тақырыбы:

❖ Тіл біліміндегі негізгі
сала - лексикология 🖋️

МАҚСАТЫ:

- Оқушыларға лексиканы оқытудың білімділік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар, әр сөздің орынды қолданылуы арқылы ойды толық және дәл жеткізуге, қызмет ететін сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдана білуге, мәнерлі, дұрыс сөйлеу, оқушының тіл байлығын дамыту, тіл мәдениетін қалыптастыру мақсатын қояды.

ӨЗЕКТІЛІГІ:

- Сөз байлығының аздығы, оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі, ықшамды етіп жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып, кеңітсе, екіншіден, үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді, үшіншіден, сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді.

*Жалпы
қолданыстағы
сөздер*

*Қолдану аясы
шектеулі сөздер*

ЛЕКСИКА

Қанатты сөздер

*Сөздің лексикалық
мағыналары*

Қолдану аясы шектеулі сөздер:

ДИАЛЕКТ СӨЗ

КІРМЕ СӨЗ

ТЕРМИН СӨЗ

ЖАҢА СӨЗДЕР

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

КӘСІБИ СӨЗ

ТАБУ

ЭВФЕМИЗМ, ДИСФЕМИЗМ

ТҮЛ БІЛІМІ САЛАЛАРЫН КОМПЛЕКСТІК ТАЛДАУДЫҢ ЖҮЙЕСІ

Лексикалық талдау сызбасы

- Сөздің атауыш немесе тура мағынасы
- Сөздің шығу тегіне байланысты туған мағынасы

1.Түпкі мағына

2. Туынды мағына

а) көп мағыналы сөз

ә) омоним

б) синоним


в) антоним

г) кірме сөздер (араб, парсы, моңғол, орыс тілінен енген сөздер)

ғ) табу

д) эвфемизмдер

е) дисфемизмдер



Сөздердің тіркесу сипатына байланысты туған мағыналары

1. Сөздің еркін мағынасы

2. Фразеологиялық байлаулы мағына

- Сөздің стилистикалық қызметіне байланысты туған лексикалық мағыналары

1. Бейтарап мағына

2. Бейнелі мағына (троппен фигуралардың түрлері)

3. Терминдік мағына

- Сөздердің қолданылу сипатына байланысты түрлері


а) жалпылама лексика

ә) қолданылу өрісі тар лексика

1. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері

2. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері





СИНОНИМ

Ұстаз деп кімді
айтады?

Ұстаз - ол оқытушы,
мұғалім, үйретуші
адам

Қауым деп нені
айтады?

Қауым – ол топ,
көпшілік, халық

Тест сұрақтары

1. Лексиканың зерттеу объектісі

- А) сөйлем
- Ә) сөз
- Б) Дыбыс

2. Омонимдік қатарды көрсет

- А) арық мал, су ағатын арық
- Ә) арық, семіз
- Б) арық, көтерем

3. Антонимдік қатарды көрсет

- А) ыстық, жылы
- Ә) тез, кел
- Б) тез, баяу

4. Синонимдік қатарды көрсет

- А) ыстық, суық
- Ә) ыстық, жылы
- Б) ыстық су

5. Табу сөзді көрсет

- А) қасқыр тиіпті
- Ә) ит-құс араласыпты
- Б) Бауыржанның иті қасында

6. Тұрақты сөз тіркесін тап

- А) ит өлген жерде
- Ә) жақсы ит өлігін көрсетпейді
- Б) ит-жеті қазынаның бірі

7. Мақалды көрсет

- А) қыз мінезді жігіт
- Ә) қыз өссе-елдің көркі
- Б) мен қазақ қыздарына қайран қалам

8. Эвфемизмді тап

- А) айтты
- Ә) ескертті
- Б) өлді

9. Табиғат құбылысының атауын тап

- А) құда
- Ә) аяқ
- Б) ызғырық

10. Бауырларым деген сөзде:

- А) бір лексикалық, бір грамматикалық
- Ә) бір лексикалық, екі грамматикалық
- Б) бір лексикалық, үш грамматикалық

Қосымша түсініктер:

- Лексика (грек.) - “сөздік қор”
- Лингвистика (латын) – тіл білімі
- Диалект (грек) – “сөйлеу”
- Неологизм (грек) – “жаңа сөз”
- Архаизм (грек) – “ежелгі”, “көне”, басқа сөзбен алмастырылған сөздер.
- Омоним (грек) – “біркелкі” және “атау”
- Антоним (грек)- “қарсы” және “атау”
- Термин (латын)- “бір нәрсенің шегі, шекаралық белгісі”
- Көнерген сөздер уақыт өте келе қайтадан қолданысқа еніп, жаңа ұғымның атауы болатын жағдайлар кездеседі. М: ай аттары, ақорда, елорда, байрақ, т.б..
- Диалект сөздер көбіне кәсіби сөздер болып келеді.
- Терминдер бір ғана тура мағыналы сөз болып келеді.
- Интернационалдық термин -әлемнің көптеген елдерінде бір атаумен қолданылатын термин.
- Кірме сөздердің көпшілігінде буын үндестігі сақталмайды.
- Кірме сөздер – тілдің сөздік құрамын байытатын тәсілдердің бірі.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Әдіскер А.Айғабылов лексиканы оқытудың маңызын былайша дәйектейді: «Ана тілінде сөйлей білетін адамның барлығы да сол тілдің заңдылықтарын, қыр-сырын, сыр-сипатын толық біле береді деуге болмайды». Сондықтан оқушыларға лексиканы оқытудың маңызы өте зор деп ойлаймын.